

«Шырайлы Шымкентім жанымнын бір бөлшегіндей»

Авторлар: specbib
25.06.2019 17:58 -

30 сәуір күні Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханада Шымкент қаласының Республикалық маңызы бар мәртебеге ие болуына орай Шежірелі Шымкенттің имиджін көтеру мақсатында және зағип оқырмандар арасында талантты дарынды өнерпаздарды анықтап, көпшілікке таныту мақсатында «**Шырайлы Шымкентім жанымнын бір бөлшегіндей**»

атты байқау өткізілді. Байқауға I топ II топ қозғалысшылары жас ақындар өздерінің Шымкентке арналған өлең жырларын ұсынса, қолөнер шеберлері қаланың көркінін көлтіретін келбетті дүниелерін тарту етті. Байқауда топтан оза шапқан өнерпаздар анықталып, оларға арнайы алғыс хаттар мен кітапхана атынан бағалы сыйлықтар табыс етілді. Қызылорда қаласынан Оразова Гүлмира, Жетісай ауданынан Жұмабай Лаура шағар бейнесін тәтті жырға арқау етсе, Жұмабай Айшабибі он саусағынан өнер тамған жас өрен қолөнер туындыларымен көпті тамсандырды.

